

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-балабақшасы

«Рухани жаңғыру»

Бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Отан неден басталады»

(суреттер байқауы)

(ортаңғы тобы)

Өткізген: Топ тәрбиешілері

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы:Отаным отбасынан басталады.

Сабақ мақсаты: а) Бала бойына осы тәрбие сағаты арқылы сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату. Ата - анасын құрмет тұтып, адал да парасатты ұл мен қызы болуға тәрбиелеу.

ә) Ата - анасының берген жақсы тәрбиелерін нәтижелі етуге үйрету, қоғамға жат қылықтардан сақтандыру.

Көрнекілігі: ата - ана жайлы ұлағатты сөздер, шар,

Мұғалім:Құрметті ата-аналар, ұстаздар,оқушылар

«Отаным отбасынан басталады» атты тәрбие сағатын бастауға рұхсат етіңіздер.

Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі - дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі - дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі – ата-ана. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Отбасы — адам баласының алтын дінгегі, тұлғалық негізі қаланатын өмір сүру және даму ортасы. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы — ата-анасы. Ата-анаға баладан жақын ешкім жоқ. Ұрпаққа берілетін тәрбие ісі де отбасының беріктігімен тығыз байланысты. Әр отбасындағы бала әртүрлі тәрбие алады. Тәрбиенің сыншысы да, бағалаушысы да – халық.

Отбасы – адам тәрбиесі үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, коршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереду. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі – бала тәрбиелеу тәрбиеші: Отбасы алтын ұя, киелі шаңырақ болса, сол шаңырақтың мұрагері , ұрпақ жалғасы балалары болып табылады. Отбасында балалар негізгі тәрбиені ата- анадан алады.Әке мен ана шаңырақтың тірегі.

Ата-ана- отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері.Дәстүрлі казак отбасында ата-ананың қадірі ерекше әспеттелген.Әсіресе тіршіліктің қайнар көзі, махабаттың шуақ күні, мейірімнің кәусәр бұлағы-Ана есіміне қатыссыз дүниеде қаситетті ештеңе жоқ.Сондықтан ананы ардақтамайтын халық та жоқ.Халықтың халықтығының басты нышаны-туған елінің тілін үйретіп, сазына қандыратын да ана.Өмір есігін жаңа ашқан нәрестенің бойына туған елінің рухын сіңіретін, балбыратып уататын тұңғыш тәтті сазы, жылауын

қойғызатын ән өлеңі де сол газиз ана бесікке сүйеніп отырып емірене айтатын бесік жыры.

Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз. Қазақ гүрпындағы ата-ананың алған ерекше биік орны, қадір-қасиеті ше! Ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау-өз болашағыңды сақтау.

Анам маған «Үлкенді сыйла» деген, Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.

Үлкендерден ауысқан кішілікті

Үлкендердің өзіне сыйға берем.

Атамнан қалған мұра-ізеттілік,

Арымды соған қойған күзеттіріп,

Адалдық- менің сәби Айбарым ғой,

Маңдайынан жүргені жүз өптіріп.

Ана жанын ана болсаң ұғарсың.

Алдыңдағы ол бір биік құзар шың,

Балаң үшін биіктен де құларсың.

Ана мейірі күн көзімен пара-пар.

Тұла бойға қуат болып таралар.

Өміріме шуақ шашып әрқашан

Көп жасаңдар, ақ ниетті аналар!

Ән «Ана туралы жыр»

Әке. Әке-әркімнің сүйенер тіреуі. Әке әркімге қымбат. Әкені ардақтай білу кернек, өйткені ол отбасының ең басты мүшесі, яғни отағасы. «Әкеге қарап ұл өсер» дегендей әкенің балаға үйретері көп. Ол өзіңнің болашағыңа алаңдап ойланып толғанады. Ол болашақта баласының жақсы болуын қалайды. Әке жақсы болса, баласы да соған еліктейді.

Әке деген-биік шыңы адамның,

Әке деген- тірегі ғой ғаламның.

Әке деген-бойында аққан қаның да,

Шыққан тегің, ол негізің, жаның да.

Не десең де әке жолы бір бөлек,

Қайда жүрсең қолтығыңнан тұр демеп.

Нағыз әке ақыл-гөй де асқар жан,

Барлық ұрпақ әкелерден басталған.

Ән «Әке қуанышы»

Қазақта «Ұлың-қымбат, немерең-ыстық» деген нақыл сөз бар. Немере үшін ең мейірімді жан-әже. Әжеңнің аялы алақаны, мөлдір мейірі, жылы жүрегі, кіршіксіз таза көңілі немереге ауадай қажет.

Әжемнің саясында ержетіп мен,

Аялы ақ бесікке тербетілгем.

Әжемдей ақ ниетті абзал жанды

Таппаспын айналсам да жер бетінен.

Жүрегімде әжемнің әжімі бар,

Жүрегімде достардың әзілі бар,

Жүрегімде өмірдің қызығы бар,

Жүрегімде жанымның азығы бар.

Ержетіп есейгенде балапаны

Арайлап атады екен дала таңы.

Иіскеп, маңдайымнан сипалайтын

Қымбат қой әжелердің алақаны.

Ата ана туралы дана сөздерді тыңдайық

Адам жеміске, ата- ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы қарап күткендей ата- анаңды аялап бақсаң, армандарың орындалады

Ұл- қыз ата- анасын үлкендерді қуанышқа бөлеп, бақытқа кенелтем десе, алдымен әдепті болу керек. Өз жұмыстарын адал да тыңғылықты атқарса ата- ананың ұл- қызы болып өседі.

Әдепті, адал ұл қыздардың міндеті ата- аналарының тірісінде көрсеткен қызыметімен бітпейді. Ата -аналарын дүниеден қайтқанда да жиі есіне алады.

Сәби шағында олар өзінді қалай бағып қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып аялап күту керек.

Ата- анаңның көңілін еш ренжітуші болма, олардың жүрегіне қайғы түсіруші болма.

Ата- анасын ұмытқан бала- опасыздың опасызы, рақымсыздың рақымсызы.

Ата- ананың қадірін білмеген халық қадірін білмейді.

Отбасы. Бала. Мектеп. Бір - бірінен ажырағысыз үш ұғым. Отбасы бар жерде бала бар, бала бар жерде мектеп бар. Мектеп пен ата - ананың міндеті әр балаға бақыт, қуаныш сыйлау.

Барлық ұрпақ әкелерден басталған.

Ән «Әке қуанышы»

Қазақта «Ұлың-қымбат, немерең-ыстық» деген нақыл сөз бар. Немере үшін ең мейірімді жан-әже. Әжеңнің аялы алақаны, мөлдір мейірі, жылы жүрегі, кіршіксіз таза көңілі немереге ауадай қажет.

Әжемнің саясында ержетіп мен,

Аялы ақ бесікке тербетілгем.

Әжемдей ақ ниетті абзал жанды

Таппаспын айналсам да жер бетінен.

Жүрегімде әжемнің әжімі бар,

Жүрегімде достардың әзілі бар,

Жүрегімде өмірдің қызығы бар,

Жүрегімде жанымның азығы бар.

Ержетіп есейгенде балапаны

Арайлап атады екен дала таңы.

Иіскеп, маңдайымнан сипалайтын

Қымбат қой әжелердің алақаны.

Ата ана туралы дана сөздерді тыңдайық

Адам жеміске, ата- ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы қарап күткендей ата- ананды аялап бақсаң, армандарың орындалады

Ұл- қыз ата- анасын үлкендерді қуанышқа бөлеп, бақытқа кенелтем десе, алдымен әдепті болу керек. Өз жұмыстарын адал да тыңғылықты атқарса ата- ананың ұл- қызы болып өседі.

Әдепті, адал ұл қыздардың міндеті ата- аналарының тірісінде көрсеткен қызыметімен бітпейді. Ата -аналарын дүниеден қайтқанда да жиі есіне алады.

Сәби шағында олар өзінді қалай бағып қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып аялап күту керек.

Ата- ананың көңілін еш ренжітуші болма, олардың жүрегіне қайғы түсіруші болма.

Ата- анасын ұмытқан бала- опасыздың опасызы, рақымсыздың рақымсызы.

Ата- ананың қадірін білмеген халық қадірін білмейді.

Отбасы. Бала. Мектеп. Бір - бірінен ажырағысыз үш ұғым. Отбасы бар жерде бала бар, бала бар жерде мектеп бар. Мектеп пен ата - ананың міндеті әр балаға бақыт, қуаныш сыйлау.

Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала отбасында алады. Отбасы - әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оңы мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым - қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді.

тәрбиеші: Отбасы кішкентай бір мемлекеттік ұя» деп бекер айтылмаған. Әдетте жақсылықтың бәрі отбасынын басталады. Отбасы барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым.

Енді осы тақырыптағы мақал мәтелдерге кезек берейік.

1. Бала тәрбиесі бесіктен

2. Баланың жақсысы- қызық, жаманы- күйік.

3. Әке көрген оқ жонар,

Шеше көрген тон пішер

4. Бала көңілдің гүлі, көздің нұры

5. Құс балапаны үшін тозаққа түседі,

Адам баласы үшін азапқа түседі.

6. Ата бәйгерек, бала жапырақ

Мұғалім: Отбасы – бұл қоғамның негізі. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, жан- жақты тәрбиелі болуы отбасында берілетін тәрбиеге тікелей байланысты.

